

2010 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 9 ақпандағы N 57 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 наурызда N 14-2-89 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 11 мамырдағы N 788/04 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011.05.11 N 788 /04 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылғы ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері мен к ө л е м і б е к і т і л с і н .
2. Арыс қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (М.Құлжабай) бекітілген тізбеге сәйкес 2010 жылға арналған жергілікті бюджетте қоғамдық жұмысқа қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға ұйымдастыруды жүзеге асырсын.
3. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы Қазақстан Республикасындағы жалақының ең төменгі мөлшерінде белгіленсін.
4. Арыс қаласының экономика және қаржы бөлімі (Ж.Оспанов) қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуге қаражаттың уақытылы б ө л і н у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н .
5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С . С ұ л т а н о в қ а жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі **Қ.Сыдықов**
Арыс қаласы әкімдігінің
2010 жылғы 9 ақпандағы
N 57 қаулысымен бекітілген

р/с	Ұйымдардың тізбесі	Жұмыстардың түрлері	Жұмыспен қамтылғандардың саны

1	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Ауылдық округ әкімі аппараттары	Аймақтық қоғамдық жұмыстарды өткізуге көмектесу	32
2	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Ауылдық округ әкімі аппараттары, мемлекеттік коммуналдық қызметпен айналысатын кәсіпорындар	Жолдар құрылысы, жолдарды жөндеуге көмектесу	10
3	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Ауылдық округ әкімі аппараттары, мемлекеттік коммуналдық қызметпен айналысатын кәсіпорындар	Көгалдандыру, ағаштар отырғызу	60
4	Біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімі, Ішкі істер бөлімі	Берілген өтінімдеріне сәйкес Біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі және Ішкі істер бөлімдерінің жұмыстарына қатысу	40
5	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, ауылдық округ әкімі аппараттары, қалалық мектептер	Әлеуметтік, мәдени маңызы бар объектілерді салуға және жөндеуге қатысу	40
6	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Ауылдық округ әкімі аппараттары, мемлекеттік коммуналдық қызметпен айналысатын кәсіпорындар	Тұрғын үй, шаруашылық ұйымдарына көмек көрсету	50
7	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, мемлекеттік тұрғын үй жөнінен қызмет көрсету мекемелері	Аймақтық экология сауықтыру, көріктендіруге көмектесу	40
8	Арыс қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	Әлеуметтік маңызы бар және басқа да жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу	188
9	Мемлекеттік коммуналдық қызметпен айналысатын кәсіпорындар	Әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу	20